

# Кітап - зерде құралы, кітапхана тұрағы



С.Сейфуллин ауылдық үлгілі кітапханасы ашық аспан аясында "Кітап- зерде құралы, кітапхана тұрағы" атты акция ұйымдастырды. Кітап - рухани баға жетпес қазына. Атадан қалған ұлы мұра - асыл қазына, көненің көзі, ескінің сөзі, атаның өсиеті, ананың мейірі, күннің нұры, білімнің қайнары- осы кітапта.

Акция барысында балаларды қызықтыру үшін әртүрлі ертегі кейіпкерлерінің суреттерімен безендіріп, суретті кітапшалардан көрме ұйымдастырылды. Акцияны ұйымдастыру барысында балалардың ой өрістерін кеңейтіп, кітапханаға оның ішінде кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру біздің басты міндетіміз.

**М.Искакова,**  
**С.Сейфуллин ауылдық үлгілі кітапханасының кітапханашысы**